

Алматы қаласының қала маңы аймағы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 17 наурыздағы N 228 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы
№ 1097 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.22 № 1097 Қаулысымен.

"Алматы қаласының мәртебесі және оны одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

Алматы қаласының қала маңы аймағы 1-қосымшаға сәйкес шекарада;
Алматы қаласының қала құрылысы тұрғысынан айрықша реттелетін аймағы 2-қосымшаға сәйкес шекарада белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 17 наурыздағы
N 228 Қаулысына

1-қосымша

Алматы қаласының қала маңы аймағы

Шығыс шекарасы

Қала маңы аймағының шекарасы Қаскелең өзенінің Іле Алатау мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің солтүстік шекарасымен қиылысқан жерінен өзен арнасының шығыс жағын бойлай отырып, солтүстік бағытта Қаскелең қаласының шекарасымен қиылысқан жерден басталады, одан әрі күншығыс бағытта Қаскелең қаласы шекарасының бойымен Қаскелең қаласына апаратын жолмен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, күншығыс бағытта, осы жолдың оңтүстік жағының бойымен Алматы-Бішкек трассасымен қиылысқан жерге дейін Алматы-Бішкек трассасының бойымен Қаскелең өзенінің арнасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, солтүстік бағытта, Қаскелең өзені арнасының шығыс жағымен Суханово-Шамалған жолымен қиылысқан жерге дейін, солтүстік бағытта, Суханова-Шамалған жолының батыс жағымен Шамалған селосының шекарасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, солтүстік бағытта, Суханово-Шамалған жолының батыс жағымен Шамалған поселкесінің

шекарасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, солтүстік бағытта, Шамалған селосы шекарасының бойымен Шамалған-Междуреченск жолымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, солтүстік бағытта, Шамалған-Междуреченск жолының батыс жағымен Қараой селосының шекарасына дейін.

С о л т ү с т і к ш е к а р а с ы

Күншығыс бағытта, Қараой селосы шекарасының бойымен, Қараой-Байсерке жолымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, күншығыс бағытта, Қараой-Байсерке жолының солтүстік жағымен Байсерке селосының шекарасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, күншығыс бағытта, Байсерке селосының оңтүстік шекарасының бойымен Байсерке-Төңкеріс жолымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, күншығыс бағытта Байсерке-Төңкеріс жолының солтүстік жағымен Төңкеріс селосының шекарасымен қиылысқан жерге дейін.

Б а т ы с ш е к а р а с ы

Оңтүстік бағытта, Төңкеріс селосының солтүстік шекарасының бойымен Төңкеріс-Ключи жолымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, оңтүстік бағытта, Төңкеріс-Ключи жолының шығыс жағымен бойлай Құлжа трассасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, күншығыс бағытта, Құлжа трассасының бойымен Новоалексеевка-Талғар жолымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, оңтүстік бағытта, Новоалексеевка-Талғар жолының бойымен Талғар қаласының шекарасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, батыс бағытта, Талғар қаласы шекарасының бойымен (Қызыл Қайрат селосын қоса алғанда) Талғар өзенімен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, оңтүстік бағытта, Талғар өзені арнасының бойымен Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің солтүстік шекарасымен қиылысқан жерге дейін.

Оңтүстік шекарасы

Батыс бағытта, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің солтүстік шекарасының бойымен Қаскелең өзенінің арнасымен қиылысқан жерге дейін.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 17 наурыздағы

№ 228 Қаулысына

2-қосымша

Алматы қаласының айрықша қала құрылысын реттеу аймағы

Шығыс шекарасы

Қатаң қала құрылысын реттеу аймағының шекарасы Ақсай өзенінің Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің солтүстік шекарасымен

қиылысқан жерден басталады, одан әрі өзен арнасының күншығыс жағын солтүстік бағытта бойлай отырып, Путь Ильича селосының солтүстік шекарасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, күншығыс бағытта, поселке шекарасын бойлай отырып, өзен арнасымен қиылысқан жеріне дейін, солтүстік бағытта, трассаның Үлкен Алматы каналымен қиылысқан жеріне дейін, одан әрі, күншығыс бағытта, каналдың бойымен Емалөзек саймен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, солтүстік бағытта Емалөзек сайының бойымен газ толтыру станциясының оңтүстік шекарасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, газ толтыру станциясы шекарасының бойымен Ащылысай өзенінің арнасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, солтүстік бағытта Ащылысай өзен арнасының бойымен сарқынды су каналымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, күншығыс бағытта, сарқынды су каналының бойымен Боралдай өзенінің арнасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, Боралдай өзені арнасының саймен қиылысқан ж е р і н е д е й і н .

С о л т ү с т і к ш е к а р а с ы

Күншығыс бағытта, сайдың бойымен Көкқайнар (Іле ауданы) селосы бөлімшесінің солтүстік-батыс шекарасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, күншығыс бағытта, Көкқайнар селосы бөлімшесінің солтүстік-батыс шекарасының бойымен Көкқайнар бөлімшесін негізгі Көкқайнар поселкесімен қосатын сүрлеу жолымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, сүрлеу жолдың бойымен, күншығыс бағытта, Тереңқара өзенінің арнасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, солтүстік бағытта Есентай өзенінің арнасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, күншығыс бағытта, Есентай өзені арнасының бойымен Кіші Алматы өзенінің арнасымен қиылысқан жерге дейін.

Б а т ы с ш е к а р а с ы

Оңтүстік бағытта, Кіші Алматы өзені арнасының бойымен тоғанның шығыс жағалауымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, оңтүстік бағытта, тоғанның шығыс жағалауымен Дмитриевкаға баратын темір және автомобиль жолдарымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, күншығыс бағытта, Қарасу селосына баратын жолдың бойымен Қарасу өзенінің арнасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, оңтүстік бағытта, Қарасу өзені арнасының бойымен Құлжа трактісімен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, оңтүстік-батыс бағытта, Құлжа трактісінің бойымен Әуежай-Калинино трассасымен қиылысқан жерге дейін, одан әрі, Әуежай-Калинино трассасының бойымен, оңтүстік-шығыс бағыттан Қотырбұлақ өзені арнасына дейін, одан әрі, оңтүстік бағытта Қотырбұлақ өзені арнасының

бойымен Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің солтүстік шекарасымен қиылысқан жерге дейін.

Оңтүстік шекарасы

Батыс бағытта, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің солтүстік шекарасының бойымен Ақсай өзенінің арнасымен қиылысқан жерге дейін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК